

«Білімгерлерге қызмет көрсету орталығының қызметі» сұрағы бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«22» сәуір 2025ж.

Ғылыми кеңесте «Білімгерлерге қызмет көрсету орталығының қызметі туралы» тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

- Процестердің автоматтандырылуы олардың өңделу уақытын едәуір қысқартуға, дәлдігін арттыруға және адами фактордың ықпалын азайтуға мүмкіндік берді.

- «Smart Zhetysu» ақпараттық жүйесінде контингент қозғалысын ескере отырып, білімгерлер деректеріне үнемі өзгерістер енгізу іске асырылады. Барлық өзгерістер тиісті бұйрық шыққан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ЕББЖ-ға енгізіледі.

- Барлық білімгерлердің жеке істері цифрландырылып, «Білімгердің электронды жеке ісі» модуліне орналастырылған.

- Жатақханаға орналасу үшін жолдама алу процедурасын оңтайландыруға бағытталған «Жатақхана» ақпараттық-бағдарламалық кешенінің бағдарламалық жасақтамасы жаңартылды.

- Әскери міндетті қызметкерлердің тұрақты есебі жүргізіліп, деректер уақытылы жаңартылып, тұрақты мониторинг жасалады.

- Әкімшілік және ұйымдастырушылық мәселелерді қамтитын бұйрықтарды дайындау және шығару тұрақты түрде жүзеге асырылады.

- Құжаттардың дубликатын беру, түлектердің дипломдарын растау және студенттердің оқу фактісін растау бойынша қызметтер сапалы әрі белгіленген стандарттарға толық сәйкес түрде көрсетіледі.

«Білімгерлерге қызмет көрсету орталығының қызметі» бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. «Smart Zhetysu» жүйесінде студенттерді есепке алуды автоматтандыруға арналған бағдарламалық қамтамасыз ету жаңғыртылсын (**жауапты:** Процестерді цифрландыру және автоматтандыру бөлімі, Білімгерлерге қызмет көрсету орталығы; **орындалу мерзімі:** 01.08.2025 ж. дейін).

2. «Smart Zhetysu» жүйесінде Білімгерлерге қызмет көрсету орталығының модулі оқудан шығарылған білімгерлерді есепке алу және тарихи деректеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін «Оқудан шыққан білімгерлер» жаңа бөлімін енгізу арқылы жетілдірілсін (**жауапты:** Процестерді цифрландыру және автоматтандыру бөлімі, Білімгерлерге қызмет көрсету орталығы; **орындалу мерзімі:** 01.08.2025 ж. дейін).

Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Б. Таубаевқа жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е.А. Бурибаев

Г.Т. Шүкенай

**«Құқық және экономика факультетінің есебі» сұрағы бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ**

Талдықорған қ.

«22» сәуір 2025ж.

«Құқық және экономика факультетінің есебі» туралы ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

- Құқық және экономика факультеті бойынша білім алушылардың жалпы саны – 810. Соның ішінде бакалавр бойынша 614 студент, оның 14 ҚР ҒЖБМ гранты негізінде, 7 ЖАО гранты негізінде, 10 «Қазақстан халқына» қорының гранты негізінде, Қорғаныс министрлігі гранты 1, ал 582 студент ақылы негізде (оның ішінде университет грантында - 3) және 180 магистрант, 16 докторант білім алады.

- Құқық және экономика факультетінде бакалавриат бойынша 11, магистратура бойынша 16 және докторантура бойынша 3 білім беру бағдарламасы бар. Осы білім беру бағдарламаларына білім беруді құқықтық пәндер, экономика және сервис, мемлекеттік басқару және менеджмент кафедралары іске асырады.

- Факультетте «Криминалистика» зертханасы, «Бизнесті басқару және қызмет көрсету» ғылыми-оқу зертханасы, Сот мәжіліс залы, Құқық, экожүйелер және тұрақты дамуды зерттеу орталығы, «Жаңару» сыбайлас жемқорлық мәселелерін зерттеу орталығы бар.

2023-2024 оқу жылында бакалавриатта 185 түлек, оның ішінде 4 мемлекеттік білім гранты негізінде, 5 әкім гранты негізінде, 1 Қазақстан халқына қоры, ал 175 білімгер ақылы негізде білім алған. Осы 185 түлектің 160 жұмысқа орналасқан. Жалпы жұмысқа орналасқандар үлесі – 89 %. Магистратура бойынша 94 түлектің 3 мемлекеттік білім гранты негізінде, ал 91 магистрант ақылы негізінде білім алған. Жалпы жұмысқа орналасқандар үлесі – 95 %.

- ПОҚ-тың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығы аясында 2024-2025 оқу жылында 3 шетелдік ғалым, 3 отандық ғалым сабақ өткізді.

- 2024-2025 оқу жылы 6B11103 – «Туризм және қонақ үй бизнесі» білім беру бағдарламасының 2-курс білімгері Байділдә Анель Management and Science University (MSU) (Малайзия, Шах-Алам қ.) республикалық бюджет қаражаты есебінен оқуға жіберілді.

- 2024-2025 оқу жылында 6B04201 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасында Қырғызстан Республикасы Современный международный университетінің 3 студенті білім алды.

- Факультеттің дарынды студенттерін, магистранттары мен жас ғалымдарын ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметке тарту және оларды қазіргі ғылымның өзекті мәселелерін шешуге тарту мақсатында 3 ғылыми мектеп, 2 проблемалық топ, 3 студенттік үйірме қызмет етеді. Факультет студенттері аймақтық, республикалық, халықаралық ғылыми-зерттеу жобалары, конкурстары мен олимпиадаға белсенді қатысуда.

- факультетте гранттық қаржыландырылатын – 1, ҚР ҒЖБМ бағдарламалық-мақсаттық гранттық қаржыландыру аясында – 3, «Жас ғалым» постдокторантура бойынша – 2, университетішілік «Jas galym» жобасы бойынша 1 жоба жүзеге асырылуда.

- «Болашақ» бағдарламасы «500 ғалым» жобасы бойынша 1 оқытушы Джордж Вашингтон Университетіу (АҚШ) тағылымдамасынан өтуде.

- кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жетілдіру мақсатында факультеттің Ютуб парақшасы ашылып, түрлі тақырыптарда подкаст түсіріледі.

«Құқық және экономика факультетінің есебі» сұрағы бойынша Ғылыми кеңес шешімі:

1. Талапкерлер санын арттыру бойынша іс-шаралар өткізу: облыс, қала, аудан мектептері және колледждерде кәсіптік бағдар беру жұмыстары жетілдірілсін (**жауаптылар:** факультет деканы, декан орынбасарлары, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 25.08.2025ж. дейін).

2. ҚР ҒжЖБМ қаржыландыратын ғылыми жобалар конкурсына ұсынылатын жобалар, халықаралық жобалар саны арттырылсын (**жауаптылар:** декан; деканның ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 2025-2026 оқу жылы).

3. Факультеттің ПОҚ және докторанттарының ғылыми жұмысын дамыту мақсатында халықаралық рецензияланатын (Web of Science, Scopus) журналдарда мақала жариялау саны арттырылсын (**жауаптылар:** декан; деканның ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 31.12.2025ж.).

4. Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша профессор-оқытушылар құрамын ҚР ЖОО-ларына дәріс оқуға жіберу жұмыстары жандандырылсын (**жауаптылар:** факультет деканы, кафедра меңгерушілері, халықаралық ынтымақтастық орталығының мамандары; **орындалу мерзімі:** 2025-2026 оқу жылы).

5. Көптілді білім алатын студенттерді ағылшын тілі курстарына тарту жұмыстары жетілдірілсін (**жауаптылар:** факультет деканы, деканның оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, топ эдвайзерлері; **орындалу мерзімі:** 2025-2026 оқу жылы).

6. Көптілді білім беру бағдарламаларында ағылшын тілінде дәріс оқитын профессор-оқытушылар құрамының саны, IELTS сертификаты бар оқытушылар саны арттырылсын (**жауаптылар:** факультет деканы, кафедра меңгерушілері, Құзіреттілік және қосымша білім беру орталығының мамандары; **орындалу мерзімі:** 2025-2026 оқу жылы).

Ғылыми кеңес шешімінің орындалуын құқық және экономика факультетінің деканы Г.Б. Телеуевке жүктеледі.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е.А. Бурибаев

Г.Т. Шүкенай

«Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығының есебі бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«22» сәуір 2025ж.

«Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығының есебі туралы ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

- «Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығы Ілияс Жансүгіров шығармаларына теориялық және практикалық зерттеулер жүргізіп, монография, оқулық, оқу құралдары мен академиялық жинақтарын шығарумен айналысады.
- орталық университеттің үйлестіруімен республикалық деңгейдегі ғылыми конференциялар, ғылыми шараларды жоспарлау және ұйымдастыруды жүзеге асырып, дәстүрлі «Ілияс әлемі» республикалық студент-жастар фестивалін және «Жансүгіров тағылымы» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.
- орталық Ілияс Жансүгіров әдеби музейімен және қала мектептерімен және т.б. оқу орындарымен тығыз байланыста жұмыс атқарады.
- университет білімгерлері орталықтың жоспар бойынша өткізетін іс-шараларына белсене ат салысады.
- орталық қызметкерлерінің бекітілген жоспарға сәйкес ғылыми мақалалары жарияланған.
- «Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығының атқарған іс-шаралары орталықтың фейсбук желісіндегі парақшасында жарияланып отырады.

«Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығының есебі» бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. Жеке қаламгер еңбегін зерттеудегі озық тәжірибемен алмасу, бірлескен іс-шаралар өткізу мақсатында еліміздегі жетекші ғылыми орталықтармен байланыс орнатылсын (**жауаптылар:** орталық меңгерушісі; **орындалу мерзімі:** 31.12.2026ж. дейін).

2. Орталық жұмысын цифрландыру бойынша жұмыстар жетілдірілсін (**жауаптылар:** Процестерді цифрландыру және автоматтандыру бөлімі, орталық меңгерушісі, лаборант; **орындалу мерзімі:** 2025-2026 оқу жылы).

3. «Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығы қызметкерлерінің халықаралық рецензияланатын журналдарда, ҒЖБССҚК ұсынған басылымдарда жарияланымдар саны арттырылсын (**жауаптылар:** орталық меңгерушісі, лаборант; **орындалу мерзімі:** 31.12.2025ж. дейін).

Ғылыми кеңес шешімінің орындалуы «Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығының меңгерушісі М.Имангазиновқа жүктеледі.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е.А. Бурибаев

Г.Т. Шүкенай